





**Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Ғылыми кітапхана**

**Министерство науки и высшего образования РК
Западно- Казахстанский университет им М. Утемисова
Научная библиотека**

**РОЗА
КАЗИҚЫЗЫ
МҰХАМБЕТҚАЛИЕВА**

Орал - Уральск, 2023

ББК 91.9:80
М 11
УДК 016:929

Мұхамбетқалиева Роза Қазықызы: биобиблиографиялық көрсеткіш
/ Құраст.: Г.И. Джанбаева, А.В. Погодаева; жауапты ред. Т.Е. Алимбекерова. - Орал: М. Өтемісов ат. БҚУ РБО, 2023. - 38 б.

Ұсынылған биобиблиографиялық көрсеткіш М. Өтемісов атындағы БҚУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Мұхамбетқалиева Роза Қазықызы арналған.

Сілтемеге 2023 жылға дейін қамтылған ғалымның өмірі мен шығармашылық қызметін сипаттайтын материалдар, оның жарияланымдарының тізімі және ол туралы материалдар кіреді. Материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Көрсеткіш студенттерге, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ, ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ
КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ:
МҰХАМБЕТКАЛИЕВА РОЗА ҚАЗИКЫЗЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТЫ
ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК**

Елеулі еңбек, қажырлы қайрат, үздіксіз ізденістер жемісі Ұлағатты ұстаз, білікті ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті Мұхамбеткалиева Роза Қазикызы асқаралы алпыстын терінде.

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын алғыр да анғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, енер- білімге куштар, аса канагатшыл жаны аскак және пр- намысын арлақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ жұрттын бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан» деп шығыс гуламасы әл-Фараби айтқан екен Шығыс данасының осы сезін жадына сақтаған ар адам ұстаздық қасиеттің ауыр жүгін сезінуге тиіс. Үлкен жауапкершілік жүкті абыроймен атқару да арлы іс Алдымен ұстаз бола білген, отанасы, онымен қатар қазақтың қолөнерін тізгіндеген, ең алдымен шәкірттерінің алғысына беленіп, сүйіктісіне айналған Мұхамбеткалиева Роза Қазикызы туралы әріптестік, ізгілік ниетпен лебіз білдіруді біз азаматтық парыз санаймыз

Роза Қазикызы 1987 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының шақыртуымен орыс аудиторияларына қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы қызметіне қабылданады. 1990 жылдан 1997 жылдар аралығында Роза Мұхамбетқалиева кафедраның кіші ғылыми қызметкері және аспиранты болды. 1998 жылы Алматы қаласындағы ҚРУҒА-ның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аспирантурада оқып, «Тұрмыс пен табиғаттын қазақ фольклорында бейнеленуі» атты тақырыпта диссертациясын СОТТІ қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады.

Роза Казикызы 30 жылға жуық М. Өтемісов атындағы Батыс Казакстан мемлекеттік университетінде аянбай еңбек етіп келеді.

Осы оқу орнында еңбегі жанды да. Еңбектің жанғаны мындаған шәкірттің шексіз алғысы. Әр адамның басты парызы еліне, ұлтына қызмет ету болса, Роза Каткызы сол міндетті тұғырда орындап келеді. Ол ұлт мүддесін жоғары қойды студент, білікті маман даярлауға бар күшін жұмсады. Ел ертеңі - жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру басты мет болса, білімді, білікті, тәрбиелі жастардың қалыптасуы үшін аянбай еңбек еткен зиялы жандардың бірі әрі бірегей дес артық айтқандық болмас. «Нағыз адамның белгісі кісілік» деген екен шығыс гуламасы Жүсіп Баласағұн. Роза Казикызы кісілік келбетін келістіріп, шынайылықты аскактатап келген ардақ уста ана бола білді. Жастық кезеңде кездесетін қиындықтарға мойымай, киналғанда қуаткер, онашала ой- ерк жалғыздықта жолдас. бақытқа бастар ақылшы, оры таяныш адамдар арасында айбар, жауга қарсы жебе болатын білім мен ғылымды қуалады. Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу. Гдену, талпыну, тану, емір мектеб оту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін кетерілетіні анық. Е. Букетов: «Парасаттылық, шарапаттылық кендік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайы халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары ғылым адамдары десе Роза Казикызының бойынан осы ғылым адамына лайық абзал қасиеттердің барлығы табылары сезсіз. Ол ешуақытта ғылыми ізденістерінен алыстаған емес. Роза Қазикызы университетте сабақ бере жүріп, 55- тен аса ғылыми- зерттеу мақалаларын жариялады. Оның ішінде казак фольклоры бойынша монографиясы, казак фольклорын оқытудың теориясы мен әдістемесі және XV- XVIII ғ. казак әдебиетінің тарихына арналған. Буган қоса кәсіптік тан дау пәндері бойынша бірнеше оқу жұмысы бағдарламаларының авторы. Ұлттық және жалпы түріктік фольклор, казак және әлемдік әдебиет тарихы бойынша өзекті мәселелермен Халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларға қатысып, ұйымдастыру жұмыстарымен айналысып келеді. Роза Казикызы Қазақстанның Батыс аймағындағы фольклорлық- этнографиялық қызметті ұйымдастырушылардың бірі. студенттермен белсенді ғылыми- әдістемелік, зерттеу жұмыстарын жүргізуде. «Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы идеясының жүзеге асуына және

казактын колонерімен шұғылданып, оны насихаттау жолында бір сап кісідей атсалысуда. Казакта қарақан басынан горі халкынын камын жеген тұлғалар кашанда болган. Осы орайда акын Сәбит Донентаевтын «Қызмет кылсан халкына, игі ат калар артына.

Пайдалы баска енбектен, бас кетсе де тартынба», деген елен жолдары ойга оралады. Өйткені Роза Қазикызы ұстаздық кызметке адалдыкпен келіп, киындык тан ешкашан тартынбаган абзал тұлға. Азаматка татырлык енбек еткен, кайраткерлік, турашыл касиетімен көріне білген Роза Мұхамбетқалиевага әріптестік ізгі тілекпен шығармашылық табыс, ұзак гумыр тілейміз. Роза Қазикызы бүгінде бес бала тәрбиелеп отырған бакытты ана. Роза Қазикызының ғибратты ғұмыры мен ұстаздық тұлғасы сүйікті шәкірт тері мен әріптестері алдында биік тұғырда тұрады.

Роза Қазикызы Мұхамбетқалиева «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға»: библиографиялық көрсеткіш. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2013. - Б. 3- 5. - («БҚМУ ғалымдары» сериясы).

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ
ДОЦЕНТІ МҚХАМБЕТҚАЛИЕВА РОЗА
ҚАЗИҚЫЗЫНЫҢ ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТІ**

ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Р.Қ. Мухамбеткалиева 1978 жылы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітіргеннен кейін 1986 жылға дейін Ақтөбе облысының Алға қаласындағы №1 және №3 мектептерінде ағылшын, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі қызметін атқарып, 1986- 1987 оқу жылынан бастап А.С.Пушкин атындағы пединститут, ал кейіннен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта жасақталған оқу ордасының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде оқытушы, ғылыми кіші қызметкер, аға оқытушы, ғылым кандидаты, аға ғылым қызметкер және ЖАК бекіткен ғылыми доценттік дәрежеге дейін жетіліп, қазір қазақ филологиясы кафедрасында еңбек етуде.

Оқытушылық пен ғылымды тығыз ұштастыра білетін тәжірибелі ұстаз 1993-1997 ж.ж. аралығында М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университеттің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының жанынан ашылған өндірістен қол үзіп оқитын күндізгі аспирантураны тәмамдап, 10.01.09 - фольклортану мамандығы бойынша 1998 жылдың 13 қарашасында ҚР ҰҒА- ның М. Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтында «Қазақ фольклорындағы табиғат пен тұрмыс- тіршіліктің бейнеленуі» атты ғылыми кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, 1999 жылдың 26 ақпанында бекітілді және 2004 жылдың 15 маусымында Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитетінің шешімімен әдебиеттану саласы бойынша доценттік ғылыми атағын алды. Қазір ол «XIV- XIX ғасырлар аралығындағы тарихи тұлғалардың авторлы әдебиеттегі бейнеленуі» атты докторлық диссертациясын ақтау үстінде. Роза Қазикызы ұстаздық қызметтермен қоса қазақтың қол өнерінің, соның ішінде, ұлттық фольклорлық- этнографиялық мұралардың

көптеген түрлерін жақсы меңгерген өнерлі адам. Ол 1990-жылдардан бері бірнеше дүркін халықаралық, аймақтық өнер фестивальдарына қатысып, Қазақстан республикасы мен Ресейдің халық жетістіктері көрмесінде колөнер бұйымдары қойылып, бірнеше халықаралық дәрежедегі дипломдар, қола медальдары мен сертификаттарды иемденді. Өзі қызмет еткен жылдарда көптеген студенттердің ғылыми, дипломдық жұмыстарына басшылық етумен бірге жыл сайынғы оқу жылдарының үлгерім сапасы бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Әдебиеттегі күрделі мәселелерге арналған 40-қа жуық дипломдық, 2 магистрлік диссертация қорғатып, жас ізденушілерді ғылыми жұмыс жазудың мектебінен өткізу де шеберлік танытуда.

Р.Мұхамбеткалиева қазақ әдебиеті бойынша санаткер оқытушы ретінде оқыту үрдісінде негізгі болып табылатын пәндерден: халық фольклоры, әлем әдебиеті шығыс халықтарының әдебиеті, XV- XIX ғасыр әдебиеті, ежелгі дәуір мен шығыс, шетел халықтарының әдебиеті, шешендік өнері, әдебиет және орыс топтарындағы қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс жүргізді.

2007 жылдан бері Шеврон Корпорациясы мен Мәдениет және Ақпарат министрлігінің «Қазақстан қолөнершілері мен кәсіпкерлеріне қолдау көрсетудің» Еуразиялық Қоры ұйымдастырған Шеврон Корпорациясының бағдарламалық Жобасына өз үлесін қосумен бірге жастарды ұлттық өнерге баулудың жетекшісі ретінде де танымал ұстаз. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының алғы шарттарын практикалық ғана емес, теориялық жағынан да насихаттаумен айналысып, аймақтық мектептің тарихнамасын жасауда өз үлесін қосып келеді. Осы мақсатта жасаған ғылыми- практикалық жұмыстарының нәтижелері республикалық «Шебер» қорына көмегін тигізіп отыр.

Ғылыми кандидаттық диссертациясының теориялы тұжырымдарын материалдық тіршілікте пайдаланудың үлгісін калыптастырып келеді. Жанұяда өмірдің әр саласы бейімдеген өнерді де білімді бес бала тәрбиелеп, өзімен бірге оларды да ғылым, өнер жағынан қатар дамытуды өзіне мақсат тұтқан қамқор ана.

Қазіргі таңда 55- тен астам ғылыми және бұқаралық - көпшілікке арналған мақалалары бар, республикалық аймақтық газет- журналдарда келелі мәселелерге мақалалар жазып,

облыстық телеарна мен радиодан бұқаралық танымды хабарлар өткізуге ат салысты.

1986-1987 оқу жылдарынан бастап 2012-2013 оқу жылдары аралығына дейінгі кезеңде топ жетекшісі мен топ студенттерінің ғылыми жұмыстары, дипломдық және магистрлік диссертациялардың ғылыми жетекшісі болып келеді.

Роза Қазикызы Мұхамбетқалиева «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға»: библиографиялық көрсеткіш. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2013. - Б.6-8. - («БҚМУ ғалымдары» сериясы).

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК, ҚАЖЫРЛЫ ҚАЙРАТ, ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІСТЕР ЖЕМІСІ



Ұлағатты ұстаз, білікті ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті Мұхамбетқалиева Роза Қазықызы асқаралы алпыстың төрінде.

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны

асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, жан» деп шығыс ғұламасы әл-Фараби айтқан екен. Шығыс данасының осы сөзін жадына сақтаған әр адам ұстаздық қасиеттің ауыр жүгін сезінуге тиіс. Үлкен жауапкершілік жүкті абыроймен атқару да - арлы іс. Алдымен ұстаз бола білген, отанасы, онымен қатар қазақтың қолөнерін тізгіндеген, ең алдымен шәкірттерінің алғысына бөленіп, сүйіктісіне айналған Мұхамбетқалиева Роза Қазықызы туралы әріптестік, ізгілік ниетпен лебіз білдіруді біз азаматтық парыз санаймыз.

Роза Қазықызы 1987 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының шақыртуымен орыс аудиторияларына қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы қызметіне қабылданады. 1990 жылдан 1997 жылдар аралығында Роза Мұхамбетқалиева кафедраның кіші ғылыми қызметкері және аспиранты болады. 1998 жылы Алматы қаласындағы ҚР ҰҒА-ның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аспирантурада оқып, «Тұрмыс пен табиғаттың қазақ фольклорында бейнеленуі» атты тақырыпта

диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады.

Роза Қазықызы 30 жылға жуық М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде аянбай еңбек етіп келеді. Осы оқу орнында еңбегі жанды да. Еңбектің жанғаны - сан мыңдаған шәкірттің шексіз алғысы.

Әр адамның басты парызы - еліне, ұлтына қызмет ету болса, Роза Қазықызы сол міндетті биік тұғырда орындап келеді. Ол ұлт мүддесін жоғары қойды. Білімді студент, білікті маман даярлауға бар күшін жұмсады. Ел ертеңі - жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру - басты міндет болса, білімді, білікті, тәрбиелі жастардың қалыптасуы үшін аянбай еңбек еткен зиялы жандардың бірі әрі бірегейі десек, артық айтқандық болмас.

«Нағыз адамның белгісі - кісілік» деген екен шығыс ғұламасы Жүсіп Баласағұн. Роза Қазықызы кісілік келбетін келістіріп, шынайылықты асқақтатап келген ардақты ұстаз ана бола білді.

Жастық кезеңде кездесетін сан қиындықтарға мойымай, қиналғанда қуаткер, оңашада ой-ерік, жалғыздықта жолдас, бақытқа бастар ақылшы, торыққанда таяныш, адамдар арасында айбар, жауға қарсы жебе болатын - білім мен ғылымды қуалады. Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтерілетіні анық.

Е. Букетов: «Парасаттылық, шарапаттылық, кең дік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары - ғылым адамдары» десе, Роза Қазықызының бойынан осы ғылым адамына лайық абзал қасиеттердің барлығы табылары сөзсіз. Ол ешуақытта ғылыми ізденістерінен алыстаған емес. Роза Қазықызы университетте сабақ бере жүріп, 55-тен аса ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялады. Оның ішінде қазақ фольклоры бойынша монографиясы қазақ фольклорын оқытудың теориясы мен әдістемесі және XV- XVIII ғ.ғ. қазақ әдебиетінің тарихына арналған. Бұған қоса кәсіптік таңдау пәндері бойынша бірнеше оқу жұмысы бағдарламаларының авторы. Ұлттық және жалпы түріктік фольклор, қазақ және әлемдік әдебиет тарихы бойынша өзекті мәселелермен халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларға қатысып, ұйымдастыру

жұмыстарымен айналысып келеді. Роза Қазықызы - Қазақстанның Батыс аймағындағы фольклорлық-этнографиялық қызметті ұйымдастырушылардың бірі, студенттермен белсенді ғылыми-әдістемелік, зерттеу жұмыстарын жүргізуде, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы идеясының жүзеге асуына және қазақтың қолөнерімен шұғылданып, оны насихаттау жолында бір кісідей атсалысуда.

Қазақта қарақан басынан гөрі халқының қамын жеген тұлғалар қашанда болған. Осы орайда ақын Сәбит Дөнентаевтың

«Қызмет қылсаң халқыңа,

Игі ат қалар артыңа.

Пайдалы басқа еңбектен,

Бас кетсе де тартынба», деген өлең жолдары ойға оралады. Өйткені Роза Қазықызы - ұстаздық қызметке адалдықпен келіп, қиындықтан ешқашан тартынбаған абзал тұлға. Азаматқа а татырлық еңбек еткен, қайраткерлік, турашыл қасиетімен көріне білген Роза Мұхамбетқалиеваға әріптестік ізгі тілекпен шығармашылық табыс, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Роза Қазықызы - бүгінде бес бала тәрбиелеп отырған бақытты ана. Роза Қазықызының ғибратты ғұмыры мен ұстаздық тұлғасы сүйікті шәкірттері мен әріптестері алдында биік тұғырда тұрады.

*Қазақ филологиясы кафедрасының атынан
Рита Сұлтанғалиева*

Өркен. - 2013. - қаңтар. - №1. - Б. 5.

ҰСТАЗ - ҰЛЫ ЕСІМ...

Осындай тақырыппен қазан айының төртінші жұлдызында ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай университет мұражайында университет түлегі, филология ғылымдарының кандидаты, «қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті Мұхамбетқалиева Роза Қазықызымен кездесу кеші оздырылды.



Ұстаз - ақылдың, үлкен ұстамдылықтың, мейірімділіктің, биік адамгершілік көзқарастың иесі.

«Ұстаз болу - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым- шытырығы мол рухани жандүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер - ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» - деп В.А.Сухомлинский айтқандай, Роза Қазықызы Мұхамбетқалиева бар өмірін білікті де білімді шәкірттер дайындауға арнаумен келеді.

Жоғары оқу орнын бітргеннен кейін ұстаздық қызметті үздіксіз атқарып келе жатқан ұлағатты ұстаздың еңбекқорлығы, біліктілігі мен шеберлігі, мейірімділігі мен адамгершілік істері көпке үлгі боларлықтай.

Роза Қазықызының ұлттық өнердің білгірі екендігін, қолөнермен және қол еңбегі мен өнерінің әр алуан түрімен

шұғылданатындығын, фольклор және этнография сабағы бойынша теориялық білім беріп, семинар сабақтарын шығармашылық және еңбек нәтижелеріне айналдыра өткізетіндігін шәкірттері мақтаныш етеді.

«Роза Қазықызы - өз пәнінің білгірі, еңбексүйгіш, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін бірегей тұлға. Роза Қазықызы мектептермен де үнемі байланыс жасап, кәсіби бағдар жұмысымен белсенді айналысады және оқушылардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауларына нәтижелі көмектеседі. Ол аймақтық қазақ әдебиеттану ғылымында пәннің теориясын практикамен ұштастыра білетін жетекші маман ретінде танылған», - деп сөз сөйлеген әріптестері Роза Қазықызына шығармашылық табыс, отбасына бақыт, еңбегіне жеміс тіледі және «Сізді ғалым- ұстаз, новатор- педагог, еңбекқор қазақ әйелі және жүректі қамқор Ана тұрғысында танимыз және әріптес профессор ініңіз ретінде жүрекжарды лебізімді қабыл алыңыз», - деп «Махамбет» халықаралық ғылыми- зерттеу орталығының директоры, Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы Роза Қазықызына жыр жолдарын арнады: Әдемі есім, әдемі жүз ескіrmес, Бәйтеректей мәңгі жасыл желегі. Алғаш келген студентті ес білмес, Роза апай баласындай көреді.

Ұстаздықтың шынжырына байланған,
Әрбір іске көз тоқтатып ойланған.
Шәкірттердің көп дауысын жинап- ап,
Талассыз- ақ «қамқор ұстаз» сайланған.

Жақсы адамға арнамасын жырды кім?!
Роза апайдың айта кетем «сұмдығын».
Зейнеткерлік жастан асып кетсе де,
«Ағылшынша үйренем» деп жүр бүгін.

Сіз жүресіз біздей әркез жанды ұғып,
Танытумен ұстаздыққа тән қылық.
Құтты болсын мерекеніз кәсіби.
Жаныңызға шуақ сыйлар мәңгілік.

Еңбегі еленген Роза апай біліктілікті жетілдіру сертификаттарына, ел ертеңі студенттерге сапалы білім мен

өнегелі тәрбие бергені үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ректорының Алғыс хаттарына, «Шебер» халықтық сәндікқолданбалы өнер бойынша суретшілер Одағының Грамоталары мен Сертификаттарына және ұлттық фольклорлық-этнографиялық өнерге еңбек сіңіргені үшін РФ-ның Грамотасына ие болған.

Әсерлі кездесудің куәгері болған, ұстаз-ана Роза апайдың өмір және еңбек жолымен таныс болған студенттер үндемей қалмады. Олар да сүйікті ұстаздарына арнап, ыстық лебіздері мен музыкалық сәлемдемелерін жолдады.

Ұстаз ақыл-ойы мен күш-қуатын балаларға арнап, жан аямай еңбек етеді. Өйткені, ол оның көкірек көзін ашып, дүниетанымен кеңейтіп, қияға қанат қақтырады. Сондықтан болар, арман қуған балалар да, дарынды ойшылдар да ұстазды ерекше пір тұтып қадірлейді және қадірлей де бермек.

С.А.Беккужиева

Өркен. - 2013. - қыркүйек-қазан. - №8. - Б.8.

РОЗА ҚАЗИҚЫЗЫ МҰХАМБЕТҚАЛИЕВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БЕЛЕСТЕРІ

Роза Қазықызы Мұхамбетқалиева 1953 жылы 1 қаңтарында дүниеге келген.

- 1973 ж.** аудандық «Жұлдыз» газетінде тілші- аудармашы, әдеби қызметкер және радио торабында дикторлық қызметтер атқарған
- 1978 ж.** А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітіргеннен
- 1978- 1986 жж.** Ақтөбе облысының Алға қаласындағы №1 және №3 мектептерінде ағылшын, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі қызметін атқарды
- 1986- 1987 жж.** А.С.Пушкин атындағы пединститут, ал кейіннен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта жасақталған оқу ордасының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде оқытушы, ғылыми кіші қызметкер, аға оқытушы, ғылым кандидаты, аға ғылыми қызметкер және ЖАК бекіткен ғылыми доценттік дәрежеге дейін жетіліп, қазір қазақ филологиясы кафедрасында еңбек етуде
- 1990 ж.** Қазақстан халық жетістіктері көрмесінің қола медалі және бағалы сыйлығы (Алматы)
- 1993- 1997 ж.ж.** М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университеттің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының жанынан ашылған өндірістен қол үзіп оқитын күндізгі аспирантураны тәмамдады

- 1996 ж.** Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің жанындағы өндірістен қол үзіп оқитын аспирантураның күндізгі бөлімін бітірген
- 1998 ж.** 10.01.09 - фольклортану мамандығы бойынша ҚР ҰҒА- ның М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтында «Қазақ фольклорындағы табиғат пен тұрмыс- тіршіліктің бейнеленуі» атты ғылыми кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады
- 1999 ж.** филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленді
- 1999 ж.** Халықаралық іскер әйелдер фестивалінің жеңімпазының дипломы мен алғыс хаты (Алматы)
- 2001 ж.** Батыс Қазақстан жас өсіпірімдерінің облыстық туризм және экология Орталығының Алғыс хаты
- 2004 ж.** Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитетінің шешімімен әдебиеттану саласы бойынша доценттік ғылыми атағын алды
- 2009 ж.** «Қазақстанның гүлденуіне зор үлес қосатын жоғары кәсіби мамандары дайындау мен тәрбиелеу ісіндегі адал әрі нәтижелі еңбегі үшін» ректорат атынан алғыс хат жарияланды
- 2010 ж.** Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы, облыстық «Өркен» қосымша білім беру орталығының жас көшбасшылардың қоғамдағы белсенділігін арттыру мен елге, жерге деген патриоттық сезімін оятудағы сіңірген еңбегі үшін алғыс хаты
- 2010 ж.** Қазақстанның гүлденуіне үлес қосатын жоғары

кәсіби мамандарды дайындау мен тәрбиелеу
ісіндегі адал, әрі нәтижелі еңбегі үшін Құрмет
грамотасы

2017 ж.

«Еңбек ардагері» медалі ҚР ҒБ министрлігі

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ

2001

1. Мұхамбетқалиева Р.К. Фольклордағы тұрмыс-тіршіліктің этникалық танымы: Оқу- әістемелік құралы. - Орал, 2001.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҚОРҒАЛҒАН МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯЛАР

2013

1. Нугманова, Ж. Т. Н.Ф.Катанов еңбектерінің тюркологиялық маңызы: 6M020500 - Филология: қазақ тілі мамандығы бойынша гум. ғыл. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертацияның рефераты / Ж. Т. Нугманова; Ғыл. жетекшісі Р. Қ. Мұхамбетқалиева. - Орал: [б. и.], 2013. - 13 б.
2. Нугманова, Ж. Т. Н.Ф.Катанов еңбектерінің тюркологиялық маңызы: 6M020500 - Филология: қазақ тілі мамандығы бойынша гум. ғыл. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертацияның рефераты / Ж. Т. Нугманова; Ғыл. жетекшісі Р. Қ. Мұхамбетқалиева. - Орал: [б. и.], 2013. - 85 б.

2014

3. Атаханова, Н. А. Қайрат Жұмағалиев поэзиясындағы идеялық- танымдық және көркемдік эстетикалық көзқарастар бірлігі: 6M020500- Филология: Қазақ тілі мамандығы бойынша гум. ғылымд. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайынд. магистрлік дисс. / Н. А. Атаханова; Ғыл. жетекшісі Р. Қ. Мұхамбетқалиева. - Орал: [б. и.], 2014. - 71 б.
4. Атаханова, Н. А. Қайрат Жұмағалиев поэзиясындағы идеялық- танымдық және көркемдік эстетикалық көзқарастар бірлігі: 6M020500- Филология: Қазақ тілі мамандығы бойынша гум. ғылымд. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайынд. магистрлік дисс. рефераты / Н. А. Атаханова; Ғыл. жетекшісі Р. Қ. Мұхамбетқалиева. - Орал: [б. и.], 2014. - 15 б.

2019

5. Абдубали, А. О. "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтары негізінде халық ауыз әдебиетін оқыту: 6M011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік жоба / А. О. Абдубали. - Орал: [б. и.], 2019. - 64 б.

6. Абдубали, А. О. "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтары негізінде халық ауыз әдебиетін оқыту: 6M011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік жоба рефераты / А. О. Абдубали. - Орал: [б. и.], 2019. - 13 б.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНГРЕСС, КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАРЫ, ҒЫЛЫМИ ХАБАРЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСЫ

1988

1. Ш.Ш.Уәлиханов - өнер теориясының негізін қалаушы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Ақтөбе білім жетілдіру институтының мақалалар жинағы. - Ақтөбе, 1988. - Б. 33- 35.

1989

2. Ю.Бабанскийдің оқу - тәрбиені оптимизациялау мәселесінің күнгейі мен көлеңкесі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе, 1989. - Б. 18-21.

1990

3. Ауыз әдебиеті - тәрбие құралы. / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // А.С.Пушкин атындағы Орал пединститутының ғылыми-әдістемелік жинағы. - Орал, 1990. - Б. 107-109.

1991

4. Шешендік сөздердің эстетикасы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Аймақтық ғылыми теориялық конференция материалдары. - Ақтөбе, 1991. - Б. 63-65.

1994

5. Қазақ фольклорындағы ғылыми идеал / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // XVIII Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Орал: БҚ ауыл шаруашылық университеті, 1994. - Б. 100-105.

6. Қазақ фольклорындағы табиғатты қорғау мәселесі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // II Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 1994. - Б. 100-102.

1995

7. Шешендік сөздердің көркемдік танымы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // 56- ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Орал, 1995. - Б. 213-215.
8. Жайықтың Цицероны - Сырым деген... / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Ғылыми практикалық конференция материалдары. - Орал, 1995. - Б. 216-218.

1997

9. Фольклорда бейнеленген тіршілік етудің ұлттық көрінісі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 1997. - Б.68- 74.

1998

10. Қазақ фольклорындағы табиғат пен тұрмыс- тіршіліктің этникалық көрінісі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // ҚР ҰҒА ғылыми жинақ. - Алматы, 1998. - Б. 10-16.

2000

11. Ең қазақы жанр / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 2000. - Б. 59-61.
12. Ж.Молдағалиев поэзиясындағы өнер мәселесі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 2000. - Б. 57-59.

2001

13. Орта ғасыр ақиығы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Орал, 2001. - Б. 28-37.

2003

14. Бейнелі ойдың зергері / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2003. - Б. 446-449.
15. Отырардың ақтаңдақ ақиығы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2003. - Б. 265-269.
16. Отырар Фарабилері және ақтаңдақ ақиықтар / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2003. - Б. 265-269.

2004

17. Достижение предков на службу современным животноводам Казахстана / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ профессор-оқытушыларының ғылыми жинағы. - Орал, 2004. - С. 32.
18. Жас ұрпақты ұлттық әскери үрдіспен тәрбиелеу жолдары / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ профессор-оқытушыларының ғылыми жинағы. - Орал, 2004. – Б.145-152.
19. Жырлардағы таарихи уақыт пен кеңістік мәселесі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми - теориялық конференция материалдары. - Алматы, 2004. - Б. 295-301.
20. Жағымсыздық категориясының халық мұрасында бейнеленуі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-

тәжірибелік конференция материалдары. - Алматы, 2004. - Б. 177- 184.

21. Эпикалық жырлардағы өлке тарихының поэтикалық танымы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2004. - Б. 112-118.

2005

22. Халық әдебиетіндегі жас балалар мифінің тарихи тағылымы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы, 2005. - Б. 141-147.

23. «Шынжыры үзілмеген» ерліктің дәстүр жалғастығы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Заң академиясының Халықаралық ғылыми- теориялық конференция материалдары. - Алматы, 2005. - Б. 88-93.

2007

24. Жыр сүлейі - Марабай / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Облыстық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 2007. - Б. 83-85.

2008

25. Батыс Қазақстан фольклорлық - этнографиялық экспедициясының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына қосқан үлесі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Профессор М.М.Тілеужановтың 80 жасқа толу мерейі қарсаңында өткізілген республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 2008. - Б.157-166.

26. Жыр өзегіндегі жанрлық синкретизм / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Академик Қ.Жұмалиев және ұлттық рухани әлем» атты республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 2008. - Б.71-75.

27. Фольклорда бейнеленген қазақ тарихының «алтын ғасыры» / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Академик Қ.Жұмалиев және ұлттық рухани әлем» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Орал, 2008. - Б. 64-68.

28. Фольклордағы табиғат пен адам нооэкологиясы туралы этноэмпирикалық ілімдер / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Ақмоллаға арналған халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2008. - Б. 68- 73.

2009

29. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аймақтық жетістіктері / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Қазіргі заманғы өркениеттің тұрақты даму аспектісінде этносаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қалыптастыру» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары. - Астана, 2009. - Б. 293-298.

30. Ұстаздық концептіге сыйымды азамат еді / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // «Сәрсен Ақмурзин және Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі қазақ руханияты» атты облыстық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 2009. - Б. 36-40.

31. Фольклорлық тарихнаманың көркем семантикасы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // «Мемлекеттік тіл: даму мен өркендеудің жаңа кезеңі» атты халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары. - Орал, 2009. - Б. 73-79.

2011

32. XX ғасырдың бас кезіндегі бертінгі сырт елдер әдебиетіндегі түркілік идеал. / Р. Қ. Мұхамбетқалиева, А.Бақтыгереева // «Қазіргі онамастикалық ахуал: тілдік, тарихи әлеуметтік және географиялық факторлар» Республикалық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2011. - 20 сәуір. - Б. 174-186.

33. «Адайдың жеті қайқысының» күй музасы - Өскенбай Қалмабетұлы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева, А.Абибуллаев // «Қазіргі онамастикалық ахуал: тілдік, тарихи әлеуметтік және географиялық факторлар» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2011. - 20 сәуір. - Б. 186-193.

34. Әр дәуір әдебиетіндегі жағымсыздық категориясының мотивтері мен бейнеленушілік қабілеті / Р. Қ. Мұхамбетқалиева, З.Орынбасар // «Қазіргі онамастикалық ахуал: тілдік, тарихи әлеуметтік және географиялық факторлар» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2011. - 20 сәуір. - Б. 193-200.

2012

35. Түркі тілді фольклор - ұлтаралық келісім кепілі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан. - Ақтөбе, 2012. - Б. 15-21.

36. Жалпытүркілік жарқын бейне / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Халықаралық ғыл. тәжірибелік конференция материалдарынан. - Ақтөбе, 2012. - Б. 213-223.

2013

37. Профессор М.М.Тілеужанов - фольклоршы-этнограф ғалым / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарынан. Орал, - 2013.

2014

38. Халықтық проза тініндегі ертегі емес жанрлық түрлердің бейнелеушілік қабілеті / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Дәстүрлі «Махамбет оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан. - Орал, 2014. - Б. 40.

39. Ұлттық тарихты образдаудың хас шебері / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Әл Фавраби атындағы ҚазҰУ-нің ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан. - Алматы, 2014. - Б. 17.

2019

40. Тұранның феномені - Асан деген... ("Мәңгілік ел" мемлекеттік идеясының тарихи тұлғалар өміріндегі көрінісі) / Р.Қ. Мұхамбетқалиева // «Ұлт санасының жаңғыруы және Ұлы дала құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2019. - 12 сәуір. - Б. 60- 65.

2022

41. Жырымен рухты оятқан... / Р.Қ. Мұхамбетқалиева. - Текст : непосредственный // Қазақтың рухани көсемі, Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Орал, 2022. - Б. 112-115.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1990

1. Қазақ баласын қалай тәрбиелеген? / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Қазақстан мектебі. - 1990. - №3. - Б. 29- 32.

1994

2. «Қазақ фольклорындағы экологиялық мәдениет» / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Жайық үні газеті. - 1994. - 23 желтоқсан.

1995

3. Өлеңмен жер қойнына кірер деген (Жаназа намазы және жерлеу рәсімі ақынды) / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Жайық үні газеті. - 1995. - 3 наурыз.
4. Қазақ фольклорындағы экологиялық мәдениет / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // ҚР ҰҒА Хабаршысы. - 1995. - №3. - Б. 26- 28.

2000

5. Жаңа бағдарлама жарық көрді / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Орал өңірі газеті. - 2000. - 11 қазан.

2001

6. Аусылды (ящура) қалай емдеген? (Мал ауруларын емдеудің ежелгі әдістерінің этнографиялық көрінісі) / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Орал өңірі. - 2001. - 19 сәуір.
7. Шешендіктану - құнды зерттеу / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Орал өңірі. - 2001. - 22 желтоқсан.

2005

8. Халық мұрасындағы «дала кентаврларының» феномендік бейнесі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Қайнар университетінің Хабаршысы. - 2005. - №1. - Б. 4- 10.
9. Народная гидротехника в казахском фольклоре / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Вестник КазНУ им. Аль- Фараби. - 2005. - №1. - С. 77- 79

2008

10. Халық мұрасының көпжанрлы сипаты / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Ұлт тағылымы. - 2008. - №2. - Б. 291-295.

2010

11. Ауызекі тарихнаманың өзегіндегі көркемдік таным / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Хабаршысы. - 2010. - №1- 2. - Б.201- 204.
12. Елдестірген елшінің жауларын қисынмен алғанының әдебиеттегі көрінісі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ Хабаршысы. - 2010. - №4. - Б. 255- 263.
13. Қасым хан - ХҮІ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақтың саяси элитасының көшбасшысы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Зерттеуші=Исследователь. - 2010. - №11. - Б. 21- 28.

2011

14. Қазақ фольклорындағы сөз қауызын жарған шындық / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ Хабаршысы. - 2011. - №3. - Б. 150- 157.
15. Түркі-татар әдебиеті мен мәдениетінің көшбасшысы - Исмаил бей Гаспринскийдің туғанына 160 жыл / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Зерттеуші=Исследователь. - 2011. - №3-4. - Б. 89- 98.

2012

16. Еңбек адамының әдебиеттегі көркем бейнесі / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ Хабаршысы. - 2012. - №1. - Б.191- 197.

2013

17. Н.Ф.Катановтың ғылыми еңбектерінің маңызы / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ Хабаршысы. - 2013. - №1. - Б. 196-201.

2014

18. Қ.Жұмалиев поэзиясының көркемдік ерекшеліктері / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ Хабаршысы. - 2014. - №1. - Б. 27.

2015

19. Қазақта қара сөзге дес бермеген / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Исатай-Махамбет. - 2015. - №1. - Б. 40.

20. Төте жазудың ежелгі мұраларды зерттеудегі ғылыми маңызы мен қазақ әдебиеті тарихындағы орны / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // БҚМУ Хабаршысы. - 2015. - №1. - Б. 208- 214.

2016

21. Менің кураторым... / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Өркен. - 2016. - 31 қазан. - №9. - Б. 1.

2018

22. Өз образын өзі сомдаған ғажап жан... / Р. Қ. Мұхамбетқалиева // Өркен. - 2018. - №5. - 30 мамыр. - Б. 8.

ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

1990

1. Сейтақов А. Жақсының жаны жұмбақ-ау / А. Сейтақов // Орал өңірі. - 1990. - 21 сәуір.

1996

2. Құмарова Р. Жарасты жанұяның жақсы істері (ұлттық өнердің өрісін кеңейту хақында) / Р. Құмарова // Орал өңірі. - 1996. - 18 сәуір.

1997

3. Қамзақызы, Л. Қажуға біздің қақымыз жоқ (Нарық және отбасы хақында) / Л. Қамзақызы // Егеменді Қазақстан. - 1997. - 7 қаңтар.

1999

4. Шабаренина, Т. Внучка имама / Т. Шабаренина // Приуралье. - 1999. - 16 октябрь.

2009

5. Құттымұратұлы, Қ. Қалада тұратын дала қызы (Өнерлі отбасы Мұхамбетқалиевтер хақында) / Қ. Құттымұратұлы // Орал өңірі. - 2009. - 19 ақпан.

2013

6. Беккужиева, С. Ұстаз - ұлы есім... / С. Беккужиева // Өркен. - 2013. - қыркүйек-қазан. - №8. - Б.8.
7. Роза Қазикызы Мұхамбетқалиева «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға»: библиографиялық көрсеткіш. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2013. - 17 б. - («БҚМУ ғалымдары» сериясы).

8. Сұлтанғалиева, Р. Елеулі еңбек, қажырлы қайрат, үздіксіз ізденістер жемісі / Р. Сұлтанғалиева // Өркен. - 2013. - қаңтар. - №1. - Б. 5.

ФОТОГРАФИИ





МАЗМҰНЫ

Филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті: Мұхамбетқалиева Роза Қазикызының ғылыми- педагогикалық қызметы туралы қысқаша очерк.....	5
Филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті Мұхамбетқалиева Роза Қазикызының оқу-әдістемелік және қоғамдық тәрбие жұмыстарының қысқаша мәліметі. Өмірі мен қызметі.....	8
Елеулі еңбек, қажырлы қайрат, үздіксіз ізденістер жемісі.....	11
Ұстаз - ұлы есім.....	14
Роза Қазикызы Мұхамбетқалиеваның ғылыми- педагогикалық қызметінің негізгі белестері.....	17
Еңбектерінің библиографиясы.....	20
Ғылыми жетекшілігімен қорғалған магистерлік диссертациялар.....	21
Халықаралық, республикалық конгресс, конференцияларда жасалған баяндамалары, ғылыми хабарлары және қатысы.....	23
Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	30
Өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер.....	33
Фотографияи.....	35

Басылымға жауапты:

Т.Е. Алимбекерова - ғылыми кітапхана директоры

Құрастырған:

Г.И. Джанбаева - Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің меңгерушісі

А.В. Погодаева - Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің библиографы

Ответственный за выпуск:

Т.Е. Алимбекерова - директор научной библиотеки

Составители:

Г.И. Джанбаева - зав.отделом информационных технологий и
библиографии

А.В. Погодаева - библиограф отдела информационных
технологий и библиографии